

ГТАХР 18.45.09

А.В. ЗАТАЕВИЧ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ҚАЗАҚ ТЕАТР АКТЕРЛЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Б. К. Нұрпейіс¹, А. С. Еркебай²

¹ өнертану докторы, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры

² өнертану кандидаты, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті

^{1,2} Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы, Қазақстан, email: aerkeбай@bk.ru

Мақалада қазақ музыкасының көрнекті ғалым-этнографы А.В.Затаевичтің ұлттық ән мен күй мұраларын зерттеу жұмысын жүргізуіне қазақ театр актерлерінің қосқан үлесі қарастырылған. Халқымыздың мәдени тарихында өшпес із қалдырып, ұлттық топырақта өнген театр өнерінің қалыптасуы мен дамуына мол еңбек сіңірген Ә.Қашаубаев, Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Ж.Шанин сынды өнер майталмандары А.В.Затаевич шығарған «Қазақтың 1000 әні» және «Қазақтың 500 ән-күйі» деп аталатын зерттеу кітабына енген бірнеше әндерді, өз ауыздарымен орындап берген. Олардың әрқайсысы А.В.Затаевичке әр өлкенің ән-күйлерінің ерекшеліктері туралы көп мағлұматтар беріп, ұлтпен бірге мәңгі өмір сүретін рухани мұраны сақтауға қаншалықты сүбелі жұмыс жасағандары талданды. Нақты дәлелдерді келтіре отырып, әр актердің орындаушылық ерекшелігіне, ұлттық мәдениетіміздің тарихында алатын орнына тоқталған. Олардың шығармашылығы арқылы А.В.Затаевичтің музыкалық-эстетикалық көзқарасы жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: ән, күй, музыка, этнограф, актер, әуен, дауыс

Қазақ музыкасының тарихындағы ардақты тұлғалардың бірі болып табылатын Александр Викторович Затаевич – ХХ ғасырдың басында кең даланы кезіп жүріп мыңдаған ән-күйімізді жинап нотаға түсірген көрнекті этнограф-ғалым. Зерделі зерттеуші жүрген жерінің барлығында қазақ музыкасына аз да болса қатысы бар, ән немесе күй орындай алатын кез-келген адамға немқұрайлы қарамай, ақпарат алуға тырысқан. Сол жиналған ән-күйлерді көздің қарашығындай қастерлеп, нотаға түсірген кезінде де ұлттық музыканың ерекшеліктерін ескеріп, реттеп, жүйелеп, жарыққа шығарған. Оның соңына қалдырған мол мұрасы қазақ музыкасының жаңа арнада дамуына ықпал етті.

Ұлттық театр өнерінің шаңырағын көтеріп, керегесін керіскен ата буын өнерпаздардың естелік кітаптарын ақтарып отырсақ, А.В.Затаевичтің есімін жиі кездестіруге болады. Олардың барлығы да ғалымның «инемен құдық қазғандай» еңбегін айрықша бағалаған.

А.В.Затаевич қазақ халқының аса көрнекті ақыны И.Байзақовқа, күміс көмей, дүлдүл әнші Ә.Қашаубаевқа, қоғам қайраткерлері Ә.Жангелдинге, Т.Жүргеновке, Ғ.Мұратбаевқа, қазақтың атақты ғалымдары Қ.Сәтбаевқа, Ә.Марғұланға, ақын-жазушылар Б.Майлинге, І.Жансүгіровке, С.Мұқановқа, өнер қайраткерлері Е.Өмірзақовқа, Ж.Шанинге және т.б. қатысты қысқа болса да, нақты мәліметтер жазып қалдырған. Аты аталған көрнекті тұлғалар А.В.Затаевичке халық музыкасын жинауда ақыл-кеңестерін беріп, көмектерін аямаған. Олар өздері туып-өскен өлкенің ән-күйлерінің ерекшеліктері туралы ұлы сазгер, этнографқа көп мағлұмат берген. «Осының өзі А.Затаевич жинақтарына енген ән-күйлердің кездейсоқ кісілерден емес, ұлт жанашырларынан, қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғаларынан жазып алынғанын аңғартады» [1. 362].

Кәсіби қазақ театрының белгілі артисі, әнші Әміре Қашаубаевтың асқан әнші екенін, оның дауысының әрі күшті, әрі музыкалық жағынан икемділігі мен әнші тынысының ұзақ та молдығын А.В.Затаевич өзінің «Қазақтың 500 ән-күйі» деген кітабында ерекше атап өткен. 1925 жылы Францияда (Париж), 1927 жылы Германия (Франкфурт) сахнасының төрінде өнер көрсеткен Ә.Қашаубаев даусының мөлдір тазалығы, мінсіз сұлулығы туралы таңдана, тамсана айтылған пікірлер өте көп. Оның дауыс әсемдігі мен ән айту шеберлігіне А.В.Затаевич кәсіби бағасын берген. Ол айтулы әншілер Қали Байжанов пен Ғаббас Айтпаев репертуарындағы әндерге тоқтала отырып, сол әндерді Әміренің де еркін орындайтынын, олардың дауыстарына қарағанда Ә.Қашаубаев даусының басымдығын атап өткен. «Оның ауылда болмай, қалаға келіп тұрақтануы

дауысының зорлығын бәсеңдетуі мүмкін» – деген [2. 344] қаупін де жасырмаған. Өншінің орындауында «Жалғыз арша», «Үш дос», «Шұбар тау», «Ағаш-аяқ», «Маңмаңгер», «Смет», «Гаухар-қыз», «Балхадиша», «Дудар-ай», «Бес қарагер», «Көк көбелек» әндерін нотаға түсірген А.В.Затаевич Әміре дауысына ең алғаш болып баға берген кәсіби музыкант болды. Кейін А.Жұбанов: «А.Затаевичке Әміре оннан аса небір шұрайлы әндерді беріпті. Бірінші қарағанда, Әміре тек шұрайлы әндерді ғана тандап айта ма деген ой келді. Бірақ, шындығына келгенде мәселе басқада болса керек, жақын арада болған бір әңгімеде Әміремен көп жолдас болған адамның бірі М.Әуезов: «Әміре ойдағы бар «арық» әндерді де «семіртті», жұтындырып, құлшындырып жібереді. Кәдімгі ауылда біз естіп, менсінбей жүретін әндер Әміренің аузына түскенде құлпырып сала беретін еді. Бұл жағынан Әміре тек орындаушы емес, композитор да еді, ол әндерді шын мағынасында өндеп жіберетін еді» – деді. Мұқанның бұл сөзінің жаны бар екендігін жоғарыда айтылған Әміренің Затаевичке берген әндері дәлелдейді» [3] – деп, неліктен А.Затаевичтің Әміре дауысын ерекше бағалау сырына тоқталып кеткен.

Халқымыздың дүлдүл әншісі Ә.Қашаубаевтың дауыс ерекшелігіне танданбағандар кемде-кем. Онымен бірге қазақ театр сахнасында өнер көрсеткен Қ.Қуанышбаев: «Әміренің бір қасиеті үні ғой, соған келейік. Әміре ән салғанда, әнді көркемдеп, нықтандырып, аспандата айтар еді. Қандай әнді болса да түзеп, кесек бейнелі ән ғып айтып жүрсе де, мынаны мен түзедім демес еді. «Ағашаяқ», «Шіркін-ай», «Баянауыл», «Қарға», «Екі жирен», «Толқын», «Қос барабан», тағы толып жатқан әндерде Әміренің аса көп еңбектері бар, түзеген, сұлуланған еңбек» [4] – деп өз құлағымен тыңдаған әндердің Әміре орындауында құлпырып, түрленіп шыққанын және неше сағат ән шырқаса да дауысының қалықтап зорая беретінін айрықша атап өткен. Сол сияқты Е.Өмірзақов өзінің «Ұстаздарым – достарым», Қ.Бадыров «Өткендер мен өткелдер», Қ.Байсейітов «Құштар көңіл», Ш.Жиенқұлова «Өмірім – менің өнерім» кітаптарында Ә.Қашаубаевтың әншілігіне қатысты біраз мағлұматтар берілген. С.Қожамқұлов «Асқақ әнші Әміре» деген мақаласында былай деген: «Өнерге салыстырушылық, теңестірушілік жүрмейді. Солай дей тұра, қазақ халқы үшін өлең атасы – Абай, күй атасы – Құрманғазы, ән атасы – Әміре деген пікірдің ақиқаттығына ден қойған жөн» – деп «халқымыздың әншілік өнерінің шырқау шыңы – Ә.Қашаубаев» екенін атап көрсеткен. Қ.Байсейітовтың ойы да С.Қожамқұлов ойымен сабақтасып жатыр. Ол: «Тегінде, Әміредей әншіні әркімге теңестіріп әуре етпеген де дұрыс» [5] – деп зор баға берген. Дүниежүзіне қазақ халқын танытқан Ә.Қашаубаев мұрасын зерттеушілер үшін А.В.Затаевичтің әнші шеберлігіне қатысты айтқандарының ғылыми және танымдық мәні зор болды.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ музыкасының көрнекті сазгерлері әндерін ауызша шығарды. Бірақ ол шығармалар көптеген орындаушылардың репертуарына еніп, халыққа кеңінен тарап кетті. Бір әнді көркемдік талғамы жағынан және кәсіби дайындығы әртүрлі әншілер орындағандықтан да кейбірі авторлық түпнұсқаға жақын, кейбірі оған ұқсамайтын нұсқаларға айналды. Сондықтан А.В.Затаевич бір әннің әр өлкеде әрқилы орындалуына зер салған. Бұл ерекшеліктерді оған ән орындап берген әншілер де ескертіп отырған. Зерттеушінің қазақ халқының әндерін жинақтап қана қоймай, оның әуіне ынтық болғанын «Как говорил А.Затаевич: «Как нежны казахские песни», насколько разнообразна музыкальная система построения песен народных композиторов, измерение ритмов, формы и критерии перевоплощения, настолько обширное влияние и воздействие оказывают они на человека» [6. 389] – деген пікір де дәлелдей түседі.

Халқымыздың мәдени тарихында өшпес із қалдырып, ұлттық топырақта өнген актерлік өнердің қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан Қалибек Қуанышбаев домбырада еркін ойнап, әнді құйқылжыта шырқайтын әншілігімен де ел есінде мәңгі қалды. Қазақ кәсіби театры құрылған алғашқы жылдары әрбір спектакльден кейін міндетті түрде концерт қойылғаны қазақ театр тарихынан мәлім. Міне, сол кештерде сахна төрінен тамылжыта ән шырқаған бір топ әнші-актерлердің арасында Қ. Қуанышбаев та бар еді.

Өнерге шын беріліп халық мұрасын көздің қарашығындай сақтаған атақты әншілердің көзін көрген Қ.Қуанышбаев А.В.Затаевичке «Соқырдың әні» [VII], «Жетімнің әні», «Ләйлім» [III] әндерін орындап бергені «Қазақтың 500 ән, күйі» кітабында [2. 405] жазылған.

Бала кезден халқының өнерін бойына дарытқан Қ.Қуанышбаев Қоянды жәрмеңкесіндегі той-думандар мен ойын-сауықтардың қызық өтуіне көп үлес қосқан тума таланттардың бірі

болды. Шаншардың күлдіргіш қуларының өнерінен нәр алған өнерпаз құйқылжыта ән салып, күлдіргі әңгіме айтудан алдына жан салмайтын шеберлігімен көптің ықыласына бөленген еді. Осындай ерекше даралығымен көзге түскен Қ.Қуанышбаев қазақтың кәсіби театры ашылған кезде бірден актерлікке шақырылып, алғашқы рольдерінен бастап ел аузына іліккен болатын. Оның өнерін жоғары бағалаған М.Әуезов: «Өзі күлдіргі әңгіме шығарушы әрі ақын, әрі әнші, өзі домбырашы және өзі тамаша өнерлі орындаушы Қалыбек енді өзі бірнеше кісіні қатар суреттейтін болды. Жапа-жалғыз отырып, екеудің таласын, үшеудің керісін, бесеудің жанжалын бір өзі орындап береді» – деп [7. 48] актердің табиғи дарынын тура сипаттап берген. Бір бойына бірнеше өнер түрін тоғыстырған Қ.Қуанышбаевтың әншілік қызметінің шабытқа толы қырлары мен сырлары осы уақытқа дейін толық зерттелген жоқ. Халық арасында жүріп ән айтудың небір мәнерін көріп өскен Қ.Қуанышбаев тыңдаушыларын жалықтырмас үшін әуенге ырғақтық, интонациялық, динамикалық екпіндер енгізіп ән мазмұнын әсерлі жеткізуге мән берген. Бұған оның домбыра аспабында еркін ойнауы да айрықша ықпалын тигізді. Ән айтқанда терең сезіммен, тыңдаушыларының жүрек қылын шерте орындайтын Қ.Қуанышбаевтың дауысы А.В.Затаевичті ғана емес, бүкіл әнқұмар халқының да көңілінен шығып, ілтипатына бөленді.

Ұлтымыздың халық музыкасын жазып, жинауда ел ішін үш жылдай аралаған А.В.Затаевичті көзімен көріп, өз аузымен бірнеше ән айтып берген қазақтың белгілі сахна шебері Елубай Өмірзақов өзінің А.В.Затаевичпен кездесуін былай деп еске алады: «Ол кезде мен милиционер болып қызмет ететінмін. 1922 жылдың жазында Орынбор қаласындағы Халық ағарту институтына оқуға жолдама алдым. Емтихандарды тапсырып болған соң мені бір кісінің іздеп жүргенін естідім. Затаевич туралы мен бұрын естіген болатынмын. Бірақ оның дәл мені іздеп жүргенін білмедім. Міне, бірнеше күннен соң өзі келіп мені құшақтап амандасты да: «Мен Затаевичпін. Сені домбыраны жақсы тартып, әнді керемет салады деп есіттім» деді. Мен оған кейін «Қазақтың 1000 әні» атты жинаққа енген бірнеше ән орындап бердім. 1927 жылы Қазақ мемлекеттік труппасының артистері Мәскеуге барып этнографиялық концерттер қойды. Сол кезде Затаевичпен кездесіп суретке түсті. Бір себептермен Құрманбек Жандарбекұлы екеуміз бұл суретке түсе алмадық. Соған әлі күнге дейін өкінемін. [8. 89] – деген. Сонымен А.В.Затаевич Е.Өмірзақовтан «Гегегеу» [1], «Акерке, жаным-ай», «Шалқар көл» әндерін жазып алған. А.В.Затаевич ән авторларына қатысты жазған №298 ескертпесінде: «Елубай Умурзақов, хороший кустанайский певец, слушатель курсов КИНО (Казахского института народного образования) в Оренбурге. Манера его исполнения очень стильная и характерная (поет он преимущественно фальцетом). К недостаткам его можно отнести несколько вычурную, показаную манеру излишней детализации и, в частности, злоупотребление приемом стягивания конечных звуков книзу» [9. 495] – деп Е.Өмірзақовтың ән айтудағы жетістігі мен олқылығын көрсеткен. Тамаша әншілік, суырып-салма ақындық, бұрынғы жыраулардың домбыраның қоңыр үнімен айту машықтарын жете игерген Е.Өмірзақовтың ән салу ерекшелігін бірден түсіну А.В.Затаевичке қиын болғаны да аңғарылады. Жас кезінен бастап елдегі ойын-сауық пен ән-күйдің ұйытқысы болып, халық өнерінің бай мұрасын бойына дарытқан Е.Өмірзақов – қазақ театр сахнасына сол мол қазынаны алып шыққан дара тұлғалардың бірі. Әртүрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты әрбір әнші өзінің әнді ойына сақтау, орындау барысында оған азды-көпті өзгерістер енгізіп отырған. Осы арқылы Е.Өмірзақов орындауындағы әндер тыңдаушы қауымға сан сырлылығын танытумен қатар, әр әннің әрбір орындаушы аузынан өзгеше бояу тауып түрлену сипатына ие болғанына дәлел болады.

1934 жылы Қазақтың музыкалық драма театры ашылатын тұста «Қыз Жібек» операсының музыкасын жазуға шақырылған Е.Г.Брусиловский: «...Жұмат, Қанабек және мен үшеуіміз А.В.Затаевичтің екі жинағын алып алдық та, Қалыбек пен Елубайдың ақыл-кеңесін тыңдай отырып, «Қыз Жібек» қойылымына керекті әндерді іріктей бастадық. Біздің назарымызға іліккен әрбір ән жайында, Қалыбек пен Қанабек дереу өз көзқарастарын айтады, ол әннің қайсібір тұстары «дәл солай» жазылмағанын атап көрсетеді. «Алғарай көк» бұлай айтылмайды, – дейді де Қанабек өзі дұрыс деп санайтын нұсқасын әндетіп айтады. Ал, Қалыбек оған түзету енгізеді. «Сен Қанабек, басқа әнді айтып тұрсың. Сенікінің бас жағы дұрыс, ал одан әрі қарай бұлай айту керек» дейді де ол баяу дауыспен, әдемілеп, өз нұсқасын айтады. Бұл «Алғарай көкті» тыңдап отырған Елубай кенеттен жұлқына айтысқа килігеді де, өзінің көмейімен айтатын тәсілімен (дәл Өмірзақов сияқты ешкім айтпайтын) «Алғарай көктің» қалай дұрыс айту керек екенін салып береді.

Осындай айтыстың ақырында Затаевич жазып алған нұсқадан екі-үш тармағы әзер қалады. Ақырында, спектакльде кім орындайтын болса, соның сөзі шешуші болып шыға келеді [10. 64] деп, бір әннің дұрыс шығуы үшін бірнеше адамның пікірі ескеріліп, нәтижесінде әннің әуені, ырғағы мен екпіні анықталғаннан кейін барып оркестрмен репетиция басталғанын жазған. Е.Г.Брусиловскийдің бұл айтқандарынан Е.Өмірзақовтың ән айту шеберлігінің мүлде басқаша екені анық байқалады. Шын мәнісінде Е.Өмірзақов екі ғасырды бірдей көрген, қазақтың әншілік дәстүрін жетік білетіндіктен де орындаушылық тәжірибесін жаңадан басталып жатқан үлкен музыка құрылысының дұрыс қалануына жұмсады.

Е.Өмірзақов Қызылорда да, Алматыда да театр ұйымдастырған концерттерде ән салып жүрді. 1927 жылы сәуір айында Мәскеуде болған этнографиялық концертте «Кербесті», «Ақ айша», «Нақ-Нақ» әндерін айтқан. Ол драмалық пьесаларда үнемі ән салатын рольдерде ойнады. «Еңлік-Кебекте» – Жапал, 1936 жылы Мәскеуде болған өнер онкүндігінде «Жалбырда» – Қайрақпай ролін сомдады. Е.Өмірзақов – актерлік пен әншілікті қатар алып жүрген қайталанбас дарын иесі. Ол қазақ халқының ән мәдениетінде үлкен орны бар әнші болып қалды.

Ғасырлар бойы өзіне тән сыр-сипатын сақтап, біздің заманымызға жетіп отырған қазақтың халық әндерін тамылжыта орындаған Ж.Шаниннің әншілік қыры туралы мәліметтер көп емес. Оның себебі, Ж.Шанин режиссерлік жұмыспен түбегейлі айналысып, әншілік өнерін дәл актерлердей көрсетуіне мүмкіндігі бола бермегендіктен еді. Бірақ А.В.Затаевич Жұмат Шаниннің аузынан «Бақсы», «Сағыну», «Жар-жар» [III], «Жар-жар» [IV] «Маусымжан» [II], «Зұлқия» [V], «Жоқтау» [XXI], «Күркебай» әндерін жазып алғаны туралы «Қазақтың 500 ән, күйі» кітабындағы [2. 411] ескертпесінде көрсетілген.

Белгілі ғалым Р.Нұрғалиев «Талант тағдыры» кітабында Ж.Шаниннің театр жұмысын ілгері жылжытуда қандай істерді қолға алғанын нақты құжаттарға сүйене отырып жазған. Аталған еңбекте режиссердің театр труппасының мәдениетін көтеру үшін апталық кесте түзіп, онда сахналық өнер, музыка теориясы, сольфеджио, музыка тыңдау, ән сабағы, хор, рояль, скрипка кластарына қанша сағаттан қатысатындарына дейін нақты көрсетіп, актерлердің білім деңгейін көтеруге күш жұмсағандығы да айтылған. Бұдан Ж.Шаниннің сахна өнеріне кәсіби бағыт беру, оқып, үйренуді театр құрылған алғашқы жылдардан бастап бірден қолға алғаны анық көрініп тұр. Кәсіби дайындығы бар дирижер, хормейстер, пианист сынды мамандарды театрға арнайы шақыртып, кең көлемде драма театр актерлерінің музыкалық сауаттылығын ашуға айрықша көңіл бөлген.

Ж.Шанинмен қатар жұмыс жасаған актерлердің көпшілігі зерделі режиссердің ән табиғатын жете түсініп, спектакльдің көркем шығуына әндерді дұрыс қолдана білетіндігін тілге тиек еткен. Евгений Григорьевич Брусиловскийдің жоғарыдағы мақаласында біз сөз етіп отырған Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Ж.Шаниннің «Қыз Жібек» операсына әнді қалай таңдағандары жазылған. Осыған қарап-ақ, Ж.Шанин бастаған өнер жанашырларының ұлттық інжу-маржан ән-күйлерді талғаммен сұрыптап, әсем сазды әуендерге қылау түсірмей мөлдіретіп жеткізуге күш салғанын үлкен жеңіске балауға болады.

Ж.Шанин 1934 жылы ашылған музыкалық театрды (қазіргі Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театры) ұйымдастыруға қатысып, Қ.Жандарбековпен бірге Е.Г.Брусиловский-дің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынын» қойды. Дала үрдісінде бұрын болып көрмеген жаңа еуропалық үлгідегі өнер ордасын қалыптастыру ісіне мол тер төккен Ж.Шанин сияқты ұлт қайраткерлерінің зор қажыр-қайратының арқасында жаңа мәдениет түрі қазақ топырағына терең тамыр жайды. Жаңадан құрылған театр ұжымы өзінің бой көтерген күнінен бастап арада екі жыл өтпей жатып, өз қойылымдарымен Қазақстанның Мәскеудегі онкүндігінде өнер көрсетіп, білгір мамандардан оң бағасын алуына Ж.Шанин режиссурасының орны айрықша еді. Музыкалық театрдың қыр-сырын, ерекшеліктерін ескеріп, жақсы либреттолардың жазылуына атсалысқан режиссер өз спектаклінде халқымыздың бай салт-дәстүрлері мен тұрмысын тамаша ән-күйлермен көрсете алды. Ж.Шанин түрлі жанрдағы халық әндері мен күйлерінің мазмұндық, тақырыптық, музыкалық құрылысын жете білген. Әндердің мазмұны мен эмоциялық қасиеттеріне терең талдау жасай отырып, орындаушыларға талап қоя білді. Ол әндерді талдау арқылы әуендік интонациялардың сан-қырлы сыр-сипаттарын анықтай алатын қабілетімен көзге түсті. Сонымен қоса халық әндерінің стильдік ерекшеліктері мен әуен

құрылымындағы дыбыстар жүйесі принциптерінің бірлігі мен өте бай музыкалық мәнерлік құралдарын дәл тани білуі музыкалық театрда қойған спектакльдерінен анық байқалды.

Өнерге бар жүрегімен беріліп, ақтық демі таусылғанша еліне қызмет еткен асыл азамат Ж.Шаниннің ұлы бейнесі ұрпақтар жүрегінде мәңгі жасай берері сөзсіз.

Қазақ музыкасының көрнекті ғалым-этнографы А.В.Затаевичтің ұлттық ән мен күй мұраларын зерттеу жұмысын жүргізуіне қазақ театр актерлерінің қосқан үлесі зор болды. Бастапқыда «халық әндері этнограф А.В.Затаевичтің жинақтарында поэтикалық мәтінсіз» [11. 42] жарық көрсе де оның ұлттық өнердің дамуына зор үлес қосты. Халқымыздың мәдени тарихында өшпес із қалдырып, ұлттық топырақта өнген театр өнерінің қалыптасуы мен дамуына мол еңбек сіңірген Ә.Қашаубаев, Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Ж.Шанин сынды өнер майталмандары А.В.Затаевич шығарған «Қазақтың 1000 әні» және «Қазақтың 500 ән-күйі» деп аталатын зерттеу кітабына енген бірнеше әндерді, өз ауыздарымен орындап берді. Олардың әрқайсысы А.В.Затаевичке әр өлкенің ән-күйлерінің ерекшеліктері туралы көп мағлұматтар беріп, ұлтпен бірге мәңгі өмір сүретін рухани мұраны сақтауға атсалысты. Алдағы уақытта аталған актерлердің әншілік қырлары арнайы зерттеуді қажет ететіндігін алға тартамыз. Өйткені, «Система хранения духовных ценностей обеспечивает сохранение, накопление и преемственность культурных ценностей» [12. 77].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоңыратбай Т. Әлемдік музыка тарихы – Алматы: «Өлке», 2010. – 480 б.
2. Затаевич А.В. 500 казахских песен и кюев – Алматы: «ИЛИ им. М.О.Ауэзова», 2007.
3. Жұбанов А. Ән-күй сапары – Алматы, 1976.
4. Қуанышбаев Қ. Естелік // Әдебиет және өнер. – 1949. № 10.
5. Байсейітов Қ. Құштар көңіл – Алматы: «Жазушы», 1977.
6. История казахского искусства. В 3-х томах. Том 3: Искусство Казахстана нового и новейшего времени – Алматы: «Арда», 2009. – 896 с.
7. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1969. – XI Т.
8. Өмірзақов Е. Ұстаздарым – достарым – Алматы: «Жалын», 1976.
9. 1000 песен казахского народа (песни и кюии) – М.: «Государственное музыкальное издательство», 1963.
10. Брусиловский Е.Г. Дүйім дүлдүлдер – Алматы: «Ана тілі», 1995.
11. Тұрмағамбетова Б. Ұлттық өнер – өміршең қазына: Ғылыми зерттемелер мен мақалалар. – Алматы, 2013. – 360 б.
12. Мамедов Ф.Т. Культурология – Баку, 2002. – 534 с.

ВЛИЯНИЕ КАЗАХСКИХ ТЕАТРАЛЬНЫХ АКТЕРОВ НА ТВОРЧЕСТВО А.В. ЗАТАЕВИЧА

Б.К. Нурпеис¹, А.С. Еркебай²

¹ доктор искусствоведения, профессор

² кандидат искусствоведения, доцент кафедры «История и теория театрального искусства»

^{1,2} Казахская национальная академия искусств им.Т.Жургенова

Алматы, Казахстан, email: aerkeбай@bk.ru

В статье повествуется о влиянии казахских театральных актеров на исследовательскую работу ученого-этнографа А.В. Затаевича, в частности, на его труды, посвященные казахским песням и кюям. Оставившие неизгладимый след в истории культуры казахского народа, а также, внесшие огромный вклад в развитие театрального искусства А.Кашаубаев, К.Куанышбаев, Е.Омирзақов, Ж.Шанин лично исполняли песни и кюии для А.В. Затаевича, что нашло отражение в книгах «1000 казахских песен» и «500 казахских песен и кюев». Они познакомили А.В. Затаевича с разнообразием и отличительными чертами песен и кюев каждого региона. В статье говорится о том, какой неоценимый вклад они внесли в дело сохранения духовного наследия. Приводя конкретные факты, авторы обращают внимание на исполнительское искусство каждого актера, на его роль в истории национальной культуры. Через их творчество рассматриваются музыкально-эстетические взгляды А.В. Затаевича.

Ключевые слова: песня, кюий, музыка, этнограф, актер, мотив, голос

THE INFLUENCE OF KAZAKH THEATER ACTORS ON THE CREATIVITY OF A.V. ZATAYEVICH

B.K. Nurpeis¹, A.S. Yerkebay²

¹Dr. Sci. (Art History), Professor, Dean of the Faculty of Art History

²Cand. Sci. (Art Criticism), Associate Professor of the Department "History and Theory of Theater Arts"

^{1,2}Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov Almaty, Kazakhstan, email: aerkebay@bk.ru

The article communicates about the influence of Kazakh Theater actors on the research work of the scientist-ethnographer A.V. Zataevich, in particular, on his works on Kazakh songs and kuis. Those who left an indelible mark on the history of our people's culture A. Kashaubayev, K. Kuanyshbayev, Y. Omirzakov, Zh. Shanin and also who personally contributed to the development of theatrical art personally performed songs for A. Zataevich, reflected in the books "1000 Kazakh songs" and "500 Kazakh songs and kuis". They introduced A.V. Zataevich with the multiplicity and distinctive features of the songs and kuis of each region. The authors make stress on the invaluable contribution they made to the preservation of spiritual heritage. Citing specific facts, they focuses on the performing arts of each actor, on their role in the history of Kazakh culture. Through their work, the musical aesthetic views of A.V. Zataevich are examined.

Key words: *song, kui, music, ethnographer, actor, motive, voice*

Редакцияға 07.06.2019 түсті.